



КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІ

2024 жылдың 18 желтоқсанында Saipem S.p.A.
директорлар кеңесі тарапынан мақұлданған

МАЗМҰНЫ

8-ТАРАУ	3
SAIPEM КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІ	3
КІРІСПЕ	3
1. Негізгі қағидаттар: тұрақтылық және ұжымдық жауапкершілік	4
2. Жүріс-тұрыс стандарттары және мүдделі тараптармен қарым-қатынастар	5
2.1. Этика, қызметтің ашықтығы, сыпайылық, профессионализм	5
2.2. Акционерлерлік және нарықтық қатынастар	6
2.2.1. Акционерлер үшін құндылықтар, тиімділік, ашықтық	6
2.2.2. Корпоративтік басқару кодексі	7
2.2.3. Компания туралы ақпарат	7
2.2.4. Маңызды немесе ішкі ақпарат	7
2.2.5. БАҚ	7
2.3. Ұйым, қауымдастық, жергілікті қоғамдастық қатынастары	8
2.3.1. Билік органдары және мемлекеттік мекемелер	8
2.3.2. Саяси және кәсіподақ ұйымдары	8
2.3.3. Жергілікті қоғамдастықты дамыту	8
2.3.4. Коммерциялық емес қызметті алға жылжыту	9
2.4. Клиенттермен және жеткізушілермен қатынастар	9
2.4.1. Клиенттер	9
2.4.2. Жеткізушілер және штаттан тыс қызметкерлер	10
2.5. Saipem компаниясының басшылығы, жұмыскерлері және серіктестері	11
2.5.1. Кадр құрамын кеңейту және қорғау	11
2.5.2. Білімді басқару (Knowledge Management)	12
2.5.3. Компанияның қауіпсіздігі	12
2.5.4. Жұмыс орнында алымсақтық немесе жабысу	13
2.5.5. Алкогольді ішімдіктерді немесе нашаны пайдалану және темекі шегуге тыйым салу	13
3. Корпоративтік этика кодексін қолдану әдістері	14
3.1. Ішкі бақылау жүйесі	14
3.1.1. Мүдделер қақтығысы	14
3.1.2. Бухгалтерлік жазбалардың ашықтығы	16
3.2. Денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны сақтау және қоғамдық қауіпсіздік	16
3.3. Зерттеулер, ойлап табулар және зияткерлік меншікті қорғау	16
3.4. Құпиялылық	17
3.4.1. Өндірістік құпияны қорғау	17
3.4.2. Құпиялылықты қорғау	17
3.4.3. Басшылық пен қызметкерлердің қауымдастықтарға, бастамаларға, іс-шараларға немесе сыртқы кездесулерге қатысуы	18
4. Корпоративтік этика кодексінің қолданыс аясы және анықтамалық құрылымдары	18
4.1. Кодекспен таныстыру және бұзушылықтар туралы хабарлау талабы	19
4.2. Негізгі құрылымы және қадағалау	20
4.2.1. Корпоративтік этика Кодексінің кепілі	20
4.2.2. Кодексті алға жылжыту	21
4.3. Кодексті қайта қарау	21
4.4. Кодекстің шарттық мәні	21

8-ТАРАУ

SAIREM КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІ

КІРІСПЕ

«Saipem»¹ — бұл халықаралық маңызы бар, өз қызметінің ауқымы мен маңыздылығының арқасында өзінің нарық, экономикалық даму мен «Saipem» компаниясында жұмыс істейтін және онымен істес адамдардың қолайлы тұрмысы және қоғам үшін маңызды ролін түсінетін өнеркәсіптік холдинг.

«Saipem» жұмыс атқарып жатқан жағдайдың күрделілігі, тұрақты дамудың талаптары және компания қызметіне қатысты Заңды мүддесі барлардың барлығының («Мүдделі тұлғалар») мүдделерін ескеру қажеттілігі, «Saipem» барлық адамдарға жарқын болашаққа жол ашуға ұмтыла отырып танитын, қабылдайтын, бөлісетін және өзіне алатын құндылықтар мен жауапкершіліктерді нақты айқындаудың маңыздылығын нығайтады.

Осыған орай «Saipem» компаниясының жаңа Корпоративтік этика кодексі (**«Кодекс»** немесе **«Корпоративтік этика кодексі»**) әзірленген болатын. Оның нормаларын «Saipem» басшы құрамы, тексеруші аудиторлар, басқарушылар мен қызметшілер әркімнің өз функциялары мен жауапкершіліктері саласында, сондай-ақ, Италияда және шетелде «Saipem» мақсаттарына жетуге жұмыс істейтін барлықтарының (**«Saipem Персоналы»**) тарапынан, сондай-ақ, «Saipem» компаниясымен қатынастарды реттейтін заңдар мен шарттарды ескере отырып және соларға сәйкес — тиімділік, сенімділік және «Saipem» репутациясы, кәсіпорынның табысқа жетуі үшін шешуші құндылықтарды қалыптастырушы факторларды және «Saipem» қызмет атқаратын әлеуметтік контексті жақсарту үшін орындау маңызды болып табылады.

«Saipem» компаниясы «Saipem» қызметкерлерінің мен басқа Мүдделі тараптардың Кодекс туралы білімін жақсартуды алға жылжытады және Кодекстің принциптері мен мазмұнына қосатын конструктивті үлестері болса, оларды қабылдайды. «Saipem» Кодексті бекіту немесе толықтыру үшін Мүдделі тұлғалардың ұсыныстары мен ескертпелерін ескеруді міндетіне алады.

«Saipem» ақпарат беру, алдын алу және бақылау мақсатында нормативтік құжаттарда² аталған сәйкес құралдар мен процедураларды қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда түзету шараларын қолдану арқылы барлық транзакциялар мен әрекеттердің ашықтығын қамтамасыз ету арқылы Кодекстің қатаң сақталуын қадағалайды. Әр «Saipem» компаниясының сәйкестік жөніндегі комитеті немесе басқа балама органы Корпоративтік этика кодексінің Кепілі (**«Кепіл»**) функциясын иеленген.

«Saipem» компаниясымен іскерлік қатынасқа түсетін әрбір тұлға Кодекспен таныстырылады.

¹ «Saipem» Saipem S.p.A және оның Италиядағы және шетелдегі тікелей және жанама еншілес компанияларын білдіреді.

² «Нормативтік құжаттар» – бұл мінез-құлықтың біркелкілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ сәйкестік мақсаттарына жету мақсатында компанияны қызықтыратын саясатты, процестерді және нақты мәселелерді/аспектілерді реттейтін, реттелетін процестерге қатысатын ұйымдық құрылымдардың мақсаттарын және/немесе міндеттерін, басқару және бақылау процедураларын, сондай-ақ ақпарат ағындарын сипаттайтын құжаттар.

1. Негізгі қағидаттар: тұрақтылық және ұжымдық жауапкершілік

Заңдарды, қаулыларды, жарғының ережелерін, өзін-өзі тәрбиелеу ережелерін сақтау, сондай-ақ адал ниеттілік пен сыпайылық «Saipem» компаниясының барлық персоналының тұрақты міндеттемесі және міндеті және оның барлық ұйымдарының жүріс-тұрысын сипаттайды.

«Saipem» компаниясында жұмысты және кәсіпорынның шаруашылық қызметін жүргізу бәсекелестікті қорғау үшін қолданылатын ережелерді толық сақтау шартымен ашықтық, әділдік, сыпайылық, адал ниеттілік аясында жүзеге асырылуы тиіс.

«Saipem» басқару жүйесін тұрақты даму қажеттілігі туралы талаптарға сәйкес «Saipem» жұмыс атқарып жатқан күрделі жағдайдың жүйесін еңсеруге мүмкіндік беретін алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе стандарттарына сәйкес қолдауды және нығайтуды міндетіне алады.

Мүдделі тұлғаларды тартудың жүйелі нысандары қабылданды, осылайша тұрақтылық және ұжымдық жауапкершілік мәселелері бойынша үнқатысу кеңейе түседі.

Халықаралық компанияның өз қызметін дамытуда, сонымен қатар әріптестермен бірлескен қызметте де «Saipem» тең құқықтылықты, бірдейлік принциптеріне, азаматтық және саяси құқықтарды, қоғамдық, экономикалық және мәдени құқықтарды және үшінші буынның құқықтары деп аталатын құқықтарды (өзін-өзі айқындау, бейбіт өмірге, дамуға және қоршаған ортаны қорғауға деген құқығы) қорғауға, соғыстан бас тартуға негізделген адам құқықтарын қорғау және қолдауды, адамзаттың негізгі ажырамас басымдықтарын қорғауды басты мақсат етіп алады.

Saipem оның іс-әрекеттері кез келген түрде адам құқықтарының бұзылуына және ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың кез келген түрі сияқты басқа да заңсыз әрекеттерге ешқандай жолмен қолайлы немесе төзімді болмауы тиіс деп санайды және өзінің іс-әрекеттері арқылы ұлттық және халықаралық заңнамада бұл мәселе бойынша белгіленген шектеулер мен лимиттердің толық сәйкестігі мен тиімділігіне кепілдік беруге міндеттенеді.

Кемсітушіліктің, сыбайлас жемқорлықтың, мәжбүрлі еңбектің немесе кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдаланудың кез келген түріне тыйым салынады. Адамның қадір-қасиетін, бостандығы мен теңдігін мойындауға және қорғауға, еңбекті және кәсіподақтар бірлестігінің еркіндігін, денсаулықты, қауіпсіздікті, қоршаған ортаны және биоалуандық, сондай-ақ құндылықтар жиынтығын, ашықтықты, энергия тиімділігін және тұрақты даму қағидаттарын Халықаралық институттар мен конвенцияларға сәйкес қорғауға ерекше назар аударылады.

Осыған байланысты Saipem Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының және келесі конвенциялардың халықаралық ережелеріне сәйкес әрекет етеді:

- Еуропалық қоғамдастықтардың қаржылық мүдделерін қорғау туралы конвенция (Брюссель, 1995 жылғы 26 шілде) және тиісті бірінші хаттама (Дублин, 1996 жылғы 27 қыркүйек);

- Еуропалық қоғамдастық лауазымды тұлғаларының немесе Еуропалық одаққа мүше мемлекеттердің лауазымды тұлғаларының қатысуымен орын алған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы конвенция (Брюссель, 1997 жылғы 26 мамыр);
- Халықаралық коммерциялық мәмілелерді жүзеге асырған кезде шетелдік лауазымды тұлғаларға пара беруге қарсы күрес туралы ЭЫДҰ конвенциясы (Париж, 1997 жылғы 17 желтоқсан);
- ХЕҰ-Халықаралық еңбек ұйымының негізгі конвенциялары (1998 жылғы 18 маусым)
- Көпұлтты компаниялар үшін экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) басшылық принциптері.

Сонымен қатар Saipem корпоративтік қылмысқа қарсы күрестің алғы қатарындағы ең дамыған ұлттық заңнаманың ережелерін, атап айтқанда, құқықтық ережелерде қарастырылатын және/немесе айтылған бақылау мен алдын алу мен бақылау тетіктерін ескереді.

«Saipem» компаниясының барлық Персоналы ешқандай да айырмашылықтарына қарамай барлығы дерлік өздерінің функциялары мен міндеттері шеңберінде Кодекстің қағидаттары мен мазмұнына сәйкес әрекет жасайды және Кодекстің нормаларын сақтау еңбектің және кәсіби қызмет сапасының маңызды бөлігі болып табылатынын ұғынады. «Saipem» Персоналының барлық деңгейлері арасындағы қарым-қатынастар адалдық, әділдік, серіктестік, берілгендік және өзара сыйластық принциптеріне негізделеді.

Ешбір жағдайда да Кодекстің қағидаттары мен мазмұнына сәйкес келмейтін әрекеттер, егер олар «Saipem» компаниясының пайдасына немесе мүддесіне бола жасалса да құпталмауы, тіпті ішінара болса да құпталмауы тиіс.

2. Жүріс-тұрыс стандарттары және мүдделі тараптармен қарым-қатынастар

2.1. Этика, қызметтің ашықтығы, сыпайылық, профессионализм

Өзінің іскерлік қарым-қатынастарында, олардың маңыздылығына қарамастан, Saipem нарыққа адалдық, әділдік, айқындық, тиімділік және ашықтық принциптерін басшылыққа алады және сақтайды.

Барлық жүзеге асырылған әрекеттер, операциялар мен келіссөздер және жалпы «Saipem» Персоналының еңбек қызметі барысындағы жүріс-тұрысы барынша сыпайылық, ақпараттың толықтығы және ашықтығы, формалды және маңызды сипаттағы заңдылық және бухгалтерлік құжаттардың қолданыстағы заңнама талаптарына және ішкі ережелерге сәйкес түсініктілігі мен растығы қағидаттарына негізделеді.

«Saipem» компаниясының барлық кәсіби қызметі жоғары деңгейде және мүлтіксіз орындалған болуы тиіс, бұл ретте кәсіби үлес қызметкерлерге жүктелген функциялар мен міндеттердің ауқымына сай болуы, сөйтіп «Saipem» компаниясының беделін және танымалдығын одан әрі арттыруға бағытталған болуы тиіс. Кәсіпорынның мақсаттары, ұсыныстар және жобаларды іске асыру, инвестициялар мен әрекеттер кәсіпорынның мүлдіктік, басқарушылық, технологиялық және танымдық құндылықтарын арттыруға, сондай-ақ барлық Мүдделі тұлғалар үшін құндылықтар мен дәулеттілігінің ұзақ мерзімді дамуына жағдай жасауға

бағытталған болуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық, заңсыз қызметтер көрсету, құпия келісімдер жасасу, өзінің немесе басқаның жеке бас пайдасы және қызметте өсуі үшін тікелей және/немесе үшінші тараптар арқылы емеурін білдіру тыйым салынған әрекеттерге жатады.

Ықпал ету немесе олардың қызметінің әрекеттеріне сыйақы беру мақсатында үшінші тұлғаларға, үкімет өкілдеріне, лауазымды тұлғаларға және мемлекеттік немесе жеке қызметшілерге тікелей немесе жанама түрде ақша ұсынуға, материалдық сыйақы немесе кез келген сипаттағы өзге де басымдықтар беруге тыйым салынады.

Сыйлық немесе қонақжайлық түріндегі коммерциялық сипаттағы артықшылықтар көрсетуге тек ерекше жағдайларда және олардың құны аса қымбат болмаған кезде және кез-келген жағдайда егер олар тараптардың бірінің тұтастығына және беделіне нұқсан келтірмесе ғана жол беріледі, бұл ретте мұндай жағдайлар бір тараптың беделіне нұқсан келтірмейтіндей және заңсыз жолмен пайда табуға бағытталмаған болуы тиіс. Кез келген жағдайда, шығындардың бұл түріне әрқашан нормативтік құжаттарда белгіленген лауазымды атқаратын адам рұқсат беруі және тиісті түрде құжаттауы керек.

Saipem компаниясымен іскерлік қарым-қатынасы бар немесе құруды жоспарлаған тұлғалардан немесе компаниялардан ақшалай сыйлықтар қабылданбайды. Коммерциялық сыйластық ұғымына кірмейтін құны арзан емес сыйлықты, жеңілдікпен қызмет көрсетуді немесе қонақжайлықты қабылдау туралы ұсыныс алған кез-келген тұлға олардан дереу бас тартуы және бұл жөнінде бастыққа немесе ол құрамына кіретін органға, сондай-ақ Кепілге хабарлауы тиіс.

«Saipem» Кодексте көзделген міндеттер мен міндеттемелер туралы үшінші тұлғаларды тиісті түрде хабардар етуді міндетіне алады және олардан осы Кодексте көзделген қағидаттар мен ережелерді өз қызметтеріне тікелей қатысты бөлігінде орындауларын талап ете алады және де үшінші тұлғалар тарапынан Кодекстің талаптары орындалмаған жағдайда өз құзыреті шегінде сыртқы шаралар қабылдай алады.

2.2. Акционерлерлік және нарықтық қатынастар

2.2.1. Акционерлер үшін құндылықтар, тиімділік, ашықтық

«Saipem» компаниясының ішкі құрылымы және оның қызметіне тікелей немесе жанама тартылған субъектілермен қатынастар басшылықтың сенімділігін және басшылықтың өкілеттіктері мен акционерлер мүдделері, жекелеп айтқанда басқа да Мүдделі тұлғалардың арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұру қамтамасыз ететін ережелерге сәйкес ұйымдастырылған, сонымен қатар басшылықтың шешімінің және компания оқиғаларының ашықтығы және тексерілетіндігі шығарылған бағалы қағаздардың нарықтық бағасына ықпал етуі мүмкін.

Акционерлер үшін құндылықты барынша арттыруға және басқару қызметінің ашықтығына кепілдік беруге бағытталған бастамалар шеңберінде «Saipem» өзінің ішкі ұйымдық

құрылымына да, акционерлеріне және үшінші тараптарға мінез-құлық ережелерінің дәйекті және біркелкі жиынтығын ұлттық және халықаралық деңгейдегі корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарына сәйкес, компанияның өзіне тиімді және тиімді жұмыс істеу ережелерін енгізу мүмкіндігі оның сенімділік пен ашықтық, сондай-ақ мүдделі тараптардың беделін нығайтудың негізгі құралы болып табылатынын түсіне отырып анықтайды, енгізеді және біртіндеп реттейді.

Saipem акционерлердің өз құзыреті шегінде шешім қабылдауға қатысуы және таңдау жасаған кезде хабардар болуы үшін қажет деп санайды. Сондықтан, Saipem заңнамаға және биржада тіркелген компанияларға арналған ережелерге сәйкес акционерлер мен нарыққа ақпаратты, басқалармен қатар, компанияның веб-сайтын пайдалана отырып, барынша ашық жолмен және уақытылы жария етуді қамтамасыз етуі тиіс.

Сондай-ақ «Saipem» акционерлердің заңды нұсқауларын (олардың құқығы болған кезде) ескеруі тиіс.

2.2.2. Корпоративтік басқару кодексі

Мұнда талап етілетін деп аталатын Saipem корпоративтік басқарудың негізгі ережелері Saipem S.p.A. ұстанатын Borsa Italiana шығарған биржада тіркелген компанияларға арналған Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген.

2.2.3. Компания туралы ақпарат

«Saipem» ішкі басқарудың және сыртқы коммуникациялардың тиісті рәсімдерінің көмегімен Қоғамның ақпараттарын дұрыс басқаруды қамтамасыз етеді.

2.2.4. Маңызды немесе ішкі ақпарат

Saipem барлық қызметкерлері өз міндеттерін орындау барысында маңызды немесе ішкі ақпаратпен дұрыс жұмыс істеуге, нарықтағы жағдайды теріс пайдалану туралы нормативтік құжаттарды білуге және сақтауға міндетті. Инсайдерлік сауда операцияларын (insider trading) жүзеге асыруға немесе оны жасауға ықпал етуге бағытталған кез келген іс-әрекетке тыйым салынады. «Saipem» акцияларын немесе басқа компаниялардың акцияларын сатып алу немесе сатудың әрбір жағдайы абсолютті ашықтық және әділдік принциптеріне негізделген болуы тиіс.

2.2.5. БАҚ

Saipem сыртқы тараптарға шынайы, жедел, айқын және нақты ақпарат беруі керек.

БАҚ-пен қатынастармен бұл үшін арнайы тағайындалған бөлімдер мен менеджерлер ғана айналысады; барлық Saipem Персоналы БАҚ өкілдеріне берілетін ақпаратқа, сондай-ақ осындай ақпаратты беру жөніндегі міндеттемелерге қатысты тиісті Saipem құрылымымен алдын ала келісуі керек.

2.3. Ұйым, қауымдастық, жергілікті қоғамдастық қатынастары

«Saipem» өзі жұмыс істейтін барлық елдердегі ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен диалогты қолдайды.

2.3.1. Билік органдары және мемлекеттік мекемелер

«Saipem», персоналдың көмегімен билік органдарымен белсенді және толыққанды ынтымақтастық орнатады.

«Saipem» Персоналы, сондай-ақ олардың жүріс-тұрыстары «Saipem» есебіне жатқызылған штаттан тыс қызметкерлер, мемлекеттік билік органдарымен сыпайы, ашық және іскерлік түрінде сипатталатын қарым-қатынастар орнатуға машықтануы тиіс. Бұл қатынастармен бекітілген жоспарлар мен нормативтік құжаттарға сәйкес тек тиісті бөлімшелер мен лауазымды тұлғалар айналысады.

Мүдделі еншілес ұйымдардың функциялары қабылданатын бастамалардың сапасын алдын ала бағалау және осы әрекеттерді бөлісу, іске асыру және бақылау үшін тиісті «Saipem» құрылымымен үйлестіріледі.

Билік органдарына ұсынылатын жалған мәлімдемелерді беруге, оған ықпал етуге және қолдау көрсетуге тыйым салынады.

2.3.2. Саяси және кәсіподақ ұйымдары

«Saipem» партиялардың, қозғалыстардың, комитеттердің және саяси және кәсіподақ ұйымдарының, сондай-ақ олардың өкілдері мен кандидаттарының пайдасына тікелей немесе жанама жарналарды жүзеге асырмайды. Егер бұл міндетті заң талаптарында немесе қолданылатын ұжымдық еңбек шарттарында көзделсе, тікелей немесе жанама жарналар кәсіподақтар мен олардың өкілдерінің пайдасына жасалуы мүмкін³.

2.3.3. Жергілікті қоғамдастықты дамыту

«Saipem» өзі жұмыс жасайтын аумақтағы өмір сүру сапасын көтеруге, жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып адам капиталын және қабілеттілігін қалыптастыруға, бұл ретте өзінің өндірістік қызметінің түрлеріне дұрыс коммерциялық тәжірибеге сыйсатын нысандарға сәйкес дамыта отырып қосуға міндеттенеді.

«Saipem» қызметі әлеуметтік жауапкершілікті толықтай түсіне отырып жүзеге асырылады, ол бойынша «Saipem» компаниясы Мүдделі тұлғалар алдында, жекелеп айтқанда өзі қарым-қатынас жасайтын жергілікті қоғамдастық алдында әлеуметтік жауапкершілікке ие, бұл ретте азаматтық қоғамдастықпен өзара ынтымақтастық кәсіпорынның негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. «Saipem» жергілікті қоғамдастықтың мәдени, экономикалық және

³ Ұлттық органнан жоғары теңіз кәсіподақтарының пайдасына ықтимал жарналарды қызметкерлер еңбек, денсаулық, қоршаған ортаны қорғау және сапаны қамтамасыз ету және тұрақты даму жөніндегі бас қызметкер біржақты мақұлдауы тиіс.

әлеуметтік құқықтарын сыйлайды және мүмкін болғанынша оларды іске асыруға көмектеседі, әсіресе жеткілікті тамақтануға және ауыз суға деген құқықтарын, денсаулық және ақыл-ой саулығына, білім алуға деген құқықтарын іске асыруға жәрдемдеседі және осы құқықтарды іске асыруды қиындататын немесе кедергі келтіретін қадамдарға бармайды.

«Saipem» жергілікті қоғамдастыққа бағытталған ақпараттың ашық болуына ықпал етеді және оларды ең қызықтыратын сұрақтарға ерекше назар аударады. Бұл ретте кәсіпорынның қызметін әзірлеу және жүзеге асыру барысында және ондай қызметтен алынған пайданы тиісті түрде қайта бөлуге ықпал ететін «Saipem» компаниясының құзыретті құрылымдық бөлімшелерінің көмегі арқылы үздіксіз ақпараттық кеңес алып тұру нысандарына, жергілікті қоғамдастықтың заңды күтулерін ескеру үшін қолдау көрсетіледі.

Осылайша «Saipem» ұйымының әр деңгейінде, сондай-ақ тиісті нормативтік құжаттарды шығару арқылы өзінің компания құндылықтары мен принциптерін білуді алға жылжытады және жергілікті қауымдастықтардың құқықтарын, әсіресе олардың мәдениетіне, институттарына, байланыстарына және өмір салты сілтеме жасай отырып қорғауға міндеттенеді.

«Saipem» Персоналы тиісті функцияларының шеңберінде «Saipem» компаниясының саясаты және іс-қимыл жоспарына сәйкес жекелеген бастамаларды анықтауға қатысуға, оларды абсолютті ашықтық критерийлері бойынша іске асыруға және «Saipem» компаниясының ажырамас мақсаттары ретінде қолдауға міндетті.

2.3.4. Коммерциялық емес қызметті алға жылжыту

«Saipem» компаниясының қайырымдылық қызметі компанияның саясатымен келісіледі және оның тұрақты дамуына ықпал етеді.

Сондықтан, «Saipem» жұмыс істейтін қауымдастықтарының қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында үлес қосуға Компанияның адалдығын көрсететін өзінің «коммерциялық емес» қызметін өз персоналдарының арасында дамытады, қолдайды және алға жылжытады.

2.4. Клиенттермен және жеткізушілермен қатынастар

2.4.1. Клиенттер

«Saipem» нарықта өзінің коммерциялық мақсаттарына сапалы өнім ұсыну және бәсекелестік жағдайында адал бәсекелестікті қорғауға бағытталған барлық ережелерді сақтау арқылы қол жеткізуді көздейді.

«Saipem» тұтынушылардың құқықтарын сыйлауды өз міндеті деп таниды және олардың денсаулығына зиянды өнімдерді қабылдамайды және ұсынылып отырған өнім туралы толық ақпаратты ұсынады.

«Saipem» өнімді немесе қызмет көрсетуді сатып алу үшін тапсырыс берген тұлғалардың пікірі кәсіпорынның табысқа жетуінің аса маңызды бөлігі болып табылатынын мойындайды.

Коммерциялық саясат тауарлар мен қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге, қауіпсіздік қағидаттарын сақтауға бағытталған. Осыған байланысты «Saipem» персоналы мыналарға міндетті:

- клиенттермен қарым-қатынасты басқаруға қатысты нормативтік құжаттарды сақтау;
- шарт талаптарының аясында жоғары сапалы өнімді тиімді әрі адал жеткізуге, ол клиенттер мен тұтынушылардың күткеніндей болуы және көңілдерінен шығуы тиіс;
- қызметтер мен өнімдер және коммуникацияның өзге де түрлері туралы нақты және толық ақпаратты ұсыну және жарнама және басқа да коммуникациялардың түрлерінде растық қағидатын сақтау, бұл клиенттер мен тұтынушыларға ойланып шешім қабылдаулары үшін қажет.

2.4.2. Жеткізушілер және штаттан тыс қызметкерлер

«Saipem» тиісті кәсіби біліктілігі бар және Кодексте көрсетілген қағидаттар мен ережелерді орындауға дайын жеткізушілер мен штаттан тыс қызметкерлерді таңдауды жүзеге асыруды міндеттенеді. Сондай-ақ аталған принциптер мен ережелерді тұрақты түрде ұстануларына ықпал етеді.

«Saipem» Персоналы тендерлерге, саудаға және жалпы тауарларды және/немесе қызметтерді жеткізуге және сыртқы ынтымақтастыққа (соның ішінде кеңесшілерді, агенттерді және т.б.) қатысты қатынастарда келесіні міндетіне алады:

- жеткізушілер мен штаттан тыс қызметкерлерді таңдаудың және олармен қатынастар құрудың ішкі рәсімдерін сақтауға және тиісті сипаттамаларға жауап беретін тұлғаға «Saipem» компаниясына жеткізуді жүзеге асыруға арналған тендерге қатысу үшін кедергі жасамауға; іріктеу кезінде мәлімделген ашық таңдау критерийлеріне сәйкес объективті бағаларды пайдалануға;
- клиенттердің қажеттіліктеріне үнемі кепілдік бере отырып жеткізушілер мен штаттан тыс қызметкерлердің ынтымақтастығын қамтамасыз етуге, клиенттердің сапа, баға және жеткізу мерзімі бөлігінде ақылға қонымды күтулерін қанағаттандыруға кепілдік беруге;
- «Saipem» кәсіпорындары бәсекелестік бар нарқы жағдайларында жеткізетін өнімдер мен қызмет көрсетулерді қолданыстағы заңнама талаптары және өзара байланысты тараптармен мәміленің заңдылық критерийлері сақталған жағдайда мүмкін болғанша ең көп мөлшерде пайдалануға;
- шарттарға Кодекстің талаптарымен танысқандығын растайтындығы және онда көзделген қағидаттарды сақтауды міндетіне алатындығы туралы ережелерді енгізуге;
- шарттық талаптарды сақтауға және оны сақтауды талап етуге;
- жеткізушілермен және штаттан тыс қызметкерлермен коммерциялық айналымның қолданыстағы ғұрыптарына сәйкес шынайы және ашық сұхбат жасауға; бастықты және Кепілді Кодекстің мүмкін болатын бұзушылықтары туралы уақтылы хабардар етіп тұруға;
- «Saipem» үшін мүмкін болатын салдарын бағалау мақсатында «Saipem» құзыретті корпоративтік құрылымын жеткізушімен және штаттан тыс қызметкерлермен арадағы қатынастарға қатысты маңызды проблемалар туралы құлағдар етуге міндетті.

Тиісті сыйақы тек келісімшартта көрсетілуі тиіс қызметтерге мөлшерлес болуы керек; төлемдер келісімшарт бойынша контрагенттен басқа ешбір тарапқа немесе тараптар елінен немесе келісімшарт орындалатын елден басқа үшінші елде жасалуы мүмкін емес⁴.

Сонымен қатар, Saipem біліктілік кезеңінен бастап Этика кодексі құжатта қамтылған принциптерге қайшы келетін жүріс-тұрыс туралы хабардар болса, ол жеткізушілерге қатысты шаралар қолдануды (мониторинг, авторизациялау, тоқтата тұру, кері қайтарып алу) көздейтін оларды бағалаудың егжей-тегжейлі жүйесін қарастырады.

2.5. Saipem компаниясының басшылығы, жұмыскерлері және серіктестері

2.5.1. Кадр құрамын кеңейту және қорғау

Адамдар компания өміріндегі негізгі элемент болып табылады. Басшылықтың өз ісіне берілгендігі және кәсібилігі «Saipem» алға қойған мақсатына жетуінің басты шарты және айқындаушы құндылығы болып табылады.

«Saipem» олардың жұмыстарының аясында жекелеген тұлғалардың энергиясы мен творчествосы жеке мүмкіндігін іске асыру үшін толық мүмкіндік алатындай етіп, сондай-ақ жұмысшының психикалық және физикалық саулығын және оның қадір-қасиеттеріне қатысты еңбек жағдайларын сақтау мақсатында басшылықтың және қызметшілердің біліктілігін және құзыреттілігін арттырып отыруды өз міндетіне алады. Қызметкерлерге заңсыз қысым көрсетуге немесе ыңғайсыздықтар тудыруға тыйым салынады. Әрбір адамның жеке басын және біліктілігін дамытуға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларына қолдау білдіріледі.

«Saipem» тиісті қолданылатын заңнамаларды және шарттарды сақтау аясында барлық жұмысшыларға бірдей еңбек жағдайлары үшін бар мүмкіндіктерді жасай отырып, барлық жұмысшылар тең жұмыстары үшін тең жалақылар алуларына тең мүмкіндіктерді пайдалануына, тек қана сіңірген еңбектеріне және құзыреттіліктеріне негізделіп ешқандай да болмасын кемсітусіз еңбектерінің бағасын алуларына кепілдік береді.

Құзыретті бөлімшелер:

- кадрлық шешімдерді қабылдаған әрбір жағдайда қызметкердің сіңірген еңбегін және құзыреттігін (кез келген жағдайда тек кәсіби) бағалауға;
- әрбір жағдайда ешқандай да кемсітусіз іріктеу жүргізуге, жұмысқа қабылдауға, оқытуға, еңбек ақы белгілеуге және кадрларды басқаруға;
- жеке қасиеттері және көзқарастары бойынша кемсітушілікті болдырмайтындай

⁴ Әр жағдайда серіктестерді таңдау және төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарда баяндалған барлық кейінгі бақылау шаралары орындалатын деген талаптармен, компания/ұйым, Saipem контрагенті өзінің орталық қазынашылық бөлімін құрған және/немесе ол, толық немесе ішінара, функционалды болып табылатын және келісімшартты орындау үшін қажет кеңселер немесе операциялық бөлімшелер құрған елдер тыйым салу мақсаттары үшін үшінші ел болып саналмайды.

Тыйым ережелеріне сай, орталық қазынаны жеткізуші тиесілі топтың басқа компаниясында орналастыруға рұқсат етіледі, бірақ бұл үшін Saipem компаниясының келісімшарттық міндеттемелерін орындаудан босататын және төлем алатын компанияның беделін растайтын тиісті тексерулер жүргізілуі қажет.

Сонымен қатар, SEPA (бірыңғай еуропалық төлемдер аймағы) елдерінде орналасқан ағымдағы шоттарға еуромен жасалған төлемдер осы тыйымға сәйкес үшінші елдерге қатысты деп саналмайды.

және «Saipem» барлық персоналының ынтымақ пен бірлікте жұмыс атқаруға мүмкіндіктері болатындай еңбек жағдайларын жасауға міндетті.

«Saipem» әрбір құрылымдық бөлімдегі «Saipem» Персоналы кәсіпорында өзара түсініктік пен әркімнің қадір қасиетін сыйлайтын ахуалды қалыптастыра отырып ынтымақтастықта жұмыс атқарғанын қалайды. Saipem тұлғааралық қатынастарда намысқа тиетін, кемсітетін немесе қорлайтын жүріс-тұрыстың алдын алу үшін шаралар қолдануы тиіс. Осы тұрғыда жұмыс орнынан тыс жердегі, әсіресе қоғамдық пікірді қорлайтын, жүріс-тұрыс та қарастырылады.

Физикалық немесе моральдық зорлық-зомбылық болып табылатын жүріс-тұрысқа әрқашан тыйым салынады.

2.5.2. Білімді басқару (Knowledge Management)

«Saipem» бизнесті және кәсіпорынның тұрақты өсуін қамтамасыз ету аясында өз құрылымдарының аясында білімді таратуға және кәсіби қатынастардың инновациясына үлес қосу арқылы құндылықтарды, қағидаттарды, жүріс-тұрыстарды анықтауға бағытталған мәдениетті және бастамаларды дамытуға, әрқашан қолдау көрсетуді алға жылжытатын болады.

«Saipem» кәсіби топтардың мүшелері, жұмысшылардың топтары және қоғамдық топтар арасында өзара ықпалдастық әдістерін ұсынуға міндеттенеді. Сонымен қатар ноу-хауға қол жеткізуді үйлестіру әдістерін, жедел бірыңғайлықты қамтамасыз ететін тиісті бағдарларды анықтауға, өз құрылымдарының қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған білімдерді жүйелі түрде таратуды, бастамаларды қолдауды міндетіне алады.

Saipem компаниясының барлық қызметкерлері адамдар арасындағы білім алмасу және тарату жүйесін оңтайландыру үшін өз құзыреті шегінде қызмет үшін білімді басқару процестеріне белсенді қатысуы керек.

2.5.3. Компанияның қауіпсіздігі

«Saipem» Персоналына немесе материалдық және/немесе материалдық емес игіліктеріне тікелей немесе жанама зиян келтіруі мүмкін кез келген қасақана немесе алдын ала ойластырылған әрекеттерді болдырмауға бағытталған саясатты, стратегияны және жоспарларды әзірлеп, осылардың аясында «Saipem» қызмет атқаратын болады. Адамдар мен мүліктерге қауіп төндірудің алдын алуға немесе оны болдырмауға бағытталған шараларға қашанда және тек заңсыз әрекетке бара-бар көлемде ғана қолдау көрсетіледі.

«Saipem» барлық персоналы кәсіпорынның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиімді стандарттарды ұстап тұруға белсене қатысуға міндетті, егер «Saipem» мүлкіне немесе кадрлық ресурстарына үшінші тұлғалар тарапынан қандай да бір заңсыз әрекеттер немесе қауіптер төнген не төнуі мүмкін болса, ол туралы басшылыққа немесе «Saipem» компаниясының корпоративтік құрылымына дер кезінде хабарлауға міндетті.

Жеке қауіпсіздікке ерекше назар аударуды қажет ететін жағдайда «Saipem» адамдары

өздерінің немесе басқалардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін әрекеттерден аулақ бола отырып, «Saipem» ұсынған осыған қатысты нұсқауларды қатаң түрде орындауы керек, өздерінің немесе үшінші тұлғалардың қауіпсіздігіне төнетін кез келген қауіп туралы тікелей жоғары тұрған тұлғаға дереу хабарлауы керек.

2.5.4. Жұмыс орнында алымсақтық немесе жабысу

Saipem ұйымда әл-ауқатты арттыру үшін жұмыс әдістерін енгізуге бағытталған бастамаларды қолдайды.

«Saipem» қызметкерлерге қатысты жұмыс орнында болмаса жұмыс орнынан тыс жерлерде де алымсақтық немесе жабысуға тыйым салады. Осындай жүріс-тұрыс мыналарды қамтиды:

- жұмыс орнында жеке жұмысшыларға немесе жұмысшылардың тобына қатысты орын алатын қорқыту, өшпенділік, кемсітушілік, оқшаулау немесе кемтсіту ахуалын тудыратын әрекеттер;
- басқалардың қызметтік міндеттерін атқаруға шектен тыс араласу;
- басқа қызметкерлердің қызмет сатысымен өсуіне тек жеке қатынастарына бола немесе басқа қызметкерлермен бәсекелесу мақсатында кедергі келтіру.

Жыныстық қоқан-лоқы көрсетудің кез келген түрлеріне және жеке және мәдени айырмашылықтары бойынша қудалауға тыйым салынады. Осындай жүріс-тұрыс мыналарды қамтиды:

- кімге де болсын қатысты шешім қабылдау кезінде сексуалдық назар аудару немесе жеке және мәдени әртүрлілікті қабылдауға бағындыру;
- өз лауазымын пайдалана отырып, жыныстық қызметтер алу;
- анық көрініп тұрған келіспеушілікке қарамастан жеке қатынастар ұсынуды жалғастыру;
- мүгедектігіне немесе басқа да физикалық немесе психикалық кемшіліктерге, діни көзқарасына және жыныстық бейініне назар аудару.

2.5.5. Алкогольді ішімдіктерді немесе нашаны пайдалану және темекі шегуге тыйым салу

«Saipem» компаниясының барлық Персоналы жұмыс орнында өзара түсіністік пен сыйластық ауаның қалыптастыруға жеке қатысулары тиіс; басқалардың сезімталдықтарымен санасуға да айрықша назар аударылады.

Жұмыс орнына жұмыс уақытында алкогольді ішімдіктерді пайдаланып немесе нашаны пайдалану не басқа да ұқсас заттарды қолданып келген әр жұмысшы мұндай әрекеттің қауіпті екендігі туралы ескертілген деп саналады. Созылмалы тәуелділік жағдайы, олар жұмыс ортасына әсер еткен жағдайда, шарттың мақсаты үшін — жоғарыда аталған жағдайға теңестірілетін болады; «Saipem» осымен байланысты еңбек шартымен көзделген қоғамдық әрекеттерге қолдау көрсетуге міндеттенеді.

Жұмыс орнында мыналарға:

- жұмыс орнында және жұмыс уақытында кез келген сылтаумен наркотикалық заттарды сақтауға, таратуға, пайдалануға және өзгелерге ұсынуға;
- жұмыс орнында темекі шегуге тыйым салынады. «Saipem» темекі шегу сияқты зиянды әдеттерден арылуға тырысқан тұлғаларға бағытталған ерікті бастамаларға қолдау көрсетеді, темекі шегетіндер үшін де арнайы бөлінген орындарды іздеуде жұмыс жағдайында түтіннің болуынан физикалық ыңғайсыздықты сезінетіндер және өзінің жеке жұмыс орнында «енжар түтіннен» қорғалуын өтінгендердің жағдайларын айрықша ескеретін болады.

3. Корпоративтік этика кодексін қолдану әдістері

3.1. Ішкі бақылау жүйесі

«Saipem» барабар ішкі бақылау жүйесін, яғни заңдар мен нормативтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге, компания активтерін қорғауға, қызметті тиімді басқаруға және нақты және толық бухгалтерлік және қаржылық ақпаратты қамтамасыз етуге бағытталған компаниядағы қызметті шешуге, басқаруға және тексеруге арналған барлық қажетті немесе пайдалы құралдарды алға жылжытады және қолдауы керек.

Ішкі бақылау жүйесін қолдану бойынша жауапкершілік «Saipem» компаниясының құрылымдық бөлімшелерінің барлығына ортақ болып табылады; осылайша «Saipem» компаниясының барлық персоналы өз қызметтік міндеттері шеңберінде ішкі бақылау жүйесінің тиімді қызмет атқаруына үлес қосулары тиіс.

«Saipem» сонымен қатар реттеуші құжаттар арқылы өз ұйымының әрбір деңгейінде бақылау құралдарының бар екендігі туралы хабардар болуымен және ақпараттандырылған және ерікті басқаруға бағытталған ой-өрісімен қабылдануымен сипатталатын мәдениеттің таралуын алға жылжытады; сәйкесінше, «Saipem» басшылығы және барлық «Saipem» Персоналы кез келген жағдайда «Saipem» компаниясының ішкі бақылау жүйесіне өз үлесін қосып, оған қатысуы және оң көзқараспен оның әріптестерін осы салаға тартуы тиіс.

Әр қызметкер өз жұмысына қатысты компанияның материалдық және материалдық емес активтері үшін жауапты болады; ешбір қызметкер Saipem компаниясының бөлінген активтері мен ресурстарын дұрыс пайдаланбауға немесе басқаларға рұқсат беруге құқылы емес.

Алаяқтық әрекеттер жасауға немесе оны жасауға қатысуға бағытталған кез келген әрекеттерге тыйым салынады.

Бақылау органдары, ішкі аудит қызметтері және тағайындалған аудиторлық фирмалар өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті барлық деректерге, құжаттарға және ақпаратқа толық қол жеткізе алады.

3.1.1. Мүдделер қақтығысы

«Saipem» өз Персоналының, егер мұндай қызметтер заң шеңберінде жүзеге асырылса және «Saipem» компаниясына қатысты өзіне алған міндеттерімен сыйысатындай болса, инвестициялық қызметке, кәсіпкерлік қызметке және басқа да қызметке қатысуға деген

құқықтарын қабылдайды және құрметтейді. Saipem байланысты тараптармен және мүдделі субъектілермен мәмілелердің ашықтығы мен материалдық және процедуралық дәлдігін қамтамасыз ету үшін нормативтік құжаттарда белгіленген ережелерді қабылдайды.

«Saipem» басшылығы мен қызметкерлері компаниядағы жеке және отбасылық экономикалық қызмет пен олардың міндеттері арасындағы кез келген мүдделер қақтығысына араласпауға және ол туралы хабарлауға міндетті. Атап айтқанда, барлық басшылар мен қызметкерлер өздерінің немесе өздеріне белгілі болғандай, жұбайларының, төртінші дәрежеге дейінгі туыстары мен заң бойынша туыстарының немесе бірге тұратын адамдарының жеткізушілерге, клиенттерге, бәсекелестерге, үшінші тұлғаларға немесе тиісті бақылаушы компанияларға немесе еншілес компанияларға қатысты экономикалық және қаржылық мүдделері (иесі немесе акционері) бар кез келген нақты жағдайлар мен әрекеттер туралы, сондай-ақ олардың компанияны басқару немесе бақылау немесе басшылық ету функцияларын орындайтыны туралы хабарлау керек.

Мүдделер қақтығысы келесі жағдайларда да туындайды:

- өзіне немесе басқаларға жеке пайда үшін лауазымдық міндеттерін атқару барысында өзінің қызметтік жағдайын пайдалану;
- қызметші және/немесе оның туысқандары жеткізушілерде, мердігерлерде, бәсекелестерде еңбек қызметін атқару.

Кез келген жағдайда «Saipem» басшылары мен қызметшілері барлық жоғарыда көрсетілген жағдайларды болдырмауға тырысулары тиіс, өйткені ондай жағдайлар кәсіпорында мүдделер қақтығысының орын алуына және Saipem компаниясының мүддесіне адал және дұрыс шешімдер қабылдауға, осылайша Кодекстің принциптері мен ережелерінің немесе тұтастай алғанда олардың өз функциялары мен міндеттерін толық орындау қабілетінің бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін немесе мүдделер қақтығысының орын алғаны туралы кез келген жағдай жөнінде басшылыққа немесе қызметкер құрамына кіретін органға, сондай-ақ Кепілге хабарлануы тиіс. Қызметкер кез келген жағдайда құзыретті кадрлар бөлімін және Кепілгерді жазбаша түрде хабардар етуі керек.

Тартылған тарап жедел процеске/шешім қабылдау процесіне қатысуды дереу тоқтатуға тиіс.

Құзыретті кадрлар бөлімінің пікірін тыңдай отырып, тікелей басшы немесе орган:

- жанжалдың болуын анықтайды және нақты жағдайда қызметті жүзеге асырған кездегі жүріс-тұрыстың ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ете алатын жедел шешімдерді белгілейді;
- тартылған адамдарға қажетті нұсқауларды жазбаша түрде, ал олардың көшірмелерін – тиісті кадрлар бөлімі мен кепілгерге жібереді;
- алынған және берілген құжаттаманы тіркейді.

3.1.2. Бухгалтерлік жазбалардың ашықтығы

Бухгалтерлік құжаттардың ашықтығы шындыққа, дәлдікке және бухгалтерлік есепті жүзеге асыруға қажетті бастапқы ақпараттың растығына негізделеді. Компания органдарының барлық мүшелері, басшы немесе қызметкер операциялық оқиғалардың бухгалтерлік кітаптарда дұрыс және уақытылы көрсетілуін қамтамасыз ету үшін өз құзыреті аясында жұмыс істеуі керек.

Қаржылық есеп бойынша ақпараттың ашықтығы мен қадағалану мүмкіндігіне теріс әсер ететін әрекеттерге тыйым салынады.

Әрбір транзакция бойынша актілерде растаушы құжаттар қоса тіркеледі, және бұл құжаттар мыналарға мүмкіндік беруі тиіс:

- оңай және уақтылы бухгалтерлік жазбаларға;
- жауапкершіліктің түрлі деңгейін анықтауға;
- транзакцияны дәл көрсету, сондай-ақ елеулі немесе түсіндіру қателерінің алдын алуға.

Әрбір жазба бастапқы құжатта көрсетілген деректерді дәл көрсетуі тиіс. Барлық «Saipem» Персоналы құжаттаманың логикалық критерийлерге сәйкес оңай қадағалануын және толтырылуын қамтамасыз етуі керек.

«Saipem» әр персоналы бухгалтерлік есепті және бастапқы құжаттаманы жүргізу кезінде әрекетсіздік, қолдан жасау, ұқыпсыздық фактісі орын алғанын білген жағдайда, ол туралы тікелей басшыға немесе ол құрамына кіретін органға, сондай-ақ Кепілге хабарлауға міндетті.

3.2. Денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны сақтау және қоғамдық қауіпсіздік

«Saipem» қызметі келісімдерге және халықаралық стандарттарға, сондай-ақ кәсіпорын қызмет атқаратын елдің аумағында қолданылатын денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны сақтау және қоғамдық қауіпсіздік салаларын реттейтін заңнамаларға, қаулыларға, әкімшілік практикаға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

«Saipem» табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ғылыми-техникалық дамуға белсенді үлес қосады. Жедел басқару қоршаған ортаны қорғаудың және энергияны пайдаланудың алдыңғы қатарлы критерийлерін ескере отырып, денсаулықты және қоршаған ортаны сақтауды жақсартуды ескеруі тиіс.

Saipem қызметкерлері өздерінің жауапкершілік салалары аясында өздері, әріптестері және үшінші тұлғалар үшін тәуекелдердің алдын алу, қоршаған ортаны қорғау, қоғамдық қауіпсіздік және денсаулық сақтау процесіне белсенді қатысуы керек.

3.3. Зерттеулер, ойлап табулар және зияткерлік меншікті қорғау

«Saipem» басшылықтың және қызметкерлердің еңбек міндеттері мен функциялары аясында

зерттеулерді, инновацияларді және зияткерлік саласындағы қызметтерді алға жылжытады. Осындай іс-әрекеттер нәтижесінде пайда болған зияткерлік активтер «Saipem» компаниясының маңызды және негізгі мұрасы саналады.

Зерттеулер мен инновациялар, жекелеп айтқанда энергияны тиімді пайдалануға, өнім өндіру кезінде қоршаған ортаға зиянның мөлшерін азайтуға, қызметкерлердің, клиенттердің және «Saipem» қатынастарға түсетін өзге де қоғамдастықтардың денсаулығын сақтауға және қауіпсіздігіне назар аударуға, сондай-ақ тұтастай алғанда кәсіпорынның тұрақты қызметіне бағытталған.

Saipem қызметкерлері өздерінің функциялары мен міндеттерінің бір бөлігі ретінде зияткерлік меншікті дамытуды, қорғауды және жақсартуды қамтамасыз ету үшін оны басқаруға белсенді түрде үлес қосуы керек.

3.4. Құпиялылық

3.4.1. Өндірістік құпияны қорғау

«Saipem» әрекеттері шарттық келісімдерге сәйкес компаниядан тыс адамдарға жариялауға болмайтын немесе орынсыз немесе уақтылы ашылмауы компанияның мүддесіне нұқсан келтіруі мүмкін келіссөздерге, әкімшілік рәсімдерге, қаржы операцияларына, ноу-хауға (келісімшарттар, актілер, есептер, зерттеулер, жазбалар, сызбалар, суреттер, бағдарламалық қамтамасыз етулер) қатысты ақпараттарды, құжаттарды және өзге де ақпараттарды ұдайы алуды, сақтауды, өңдеуді және беруді талап етеді.

Жүргізілетін әрекеттердің ашықтығына және қолданыстағы ережелермен жүктелген ақпараттық міндеттемелерге нұқсан келтірместен, «Saipem» Персоналы өз міндеттеріне байланысты алған әрбір ақпарат үшін жағдайларға байланысты талап етілетін құпиялылықты қамтамасыз етеді.

Жұмыс істеген кезде немесе Saipem компаниясында тапсырмаларды орындауға байланысты алынған немесе өңделген барлық ақпарат, білім және деректер Saipem компаниясына тиесілі және нақты нормативтік құжаттарға сәйкес тікелей бастықтың арнайы рұқсатынсыз оларды пайдалануға, беруге немесе ашуға болмайды.

3.4.2. Құпиялылықты қорғау

«Saipem» өзінің Персоналына және үшінші тұлғаларына қатысты кәсіпорында немесе іскерлік қатынастар барысында алған ақпараттарды қорғауды міндетіне алады және ондай ақпаратты жосықсыз пайдалануды болдырмайды.

«Saipem» өзінің құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын деректерді өңдеу қолданыстағы заңнамада көзделген негізгі құқықтар мен бостандықтарды сақтай отырып жүзеге асырылатынына кепілдік береді.

Жеке деректерді өңдеу заңмен рұқсат етілген және адал әдістермен жүргізілуі тиіс, сонымен

қатар нақты және заңды мақсаттарға қажет деректер ғана жиналуы және тіркелуі тиіс. Деректерді сақтау оларды жинау қажеттілігін тудырған мән-жайлар өз өзектілігін жойған мерзімге дейін ғана жүргізілуі тиіс.

Сонымен қатар «Saipem» жеке деректерді сақтайтын барлық дерекқорларға рұқсатсыз қол жеткізу немесе өңдеу кез келген жойылу және жоғалу қаупінің алдын алу үшін тиісті алдын алуға қатысты қауіпсіздік шараларын қабылдауы керек.

«Saipem» Персоналы мыналарға міндетті:

- атқарып отырған лауазымына және міндеттеріне тікелей өзара қатысы бар және қажетті деректерді ғана алуға және өңдеуге;
- деректерді тек арнайы рәсімдер шеңберінде алуға, олармен тиісті рұқсаты жоқ басқа адамдардың қол жетпейтіндей етіп сақтауға;
- деректерді рұқсаты бар кез келген тарап оңай түрде нақты әрі дәл сипаттамасын ала алатындай етіп ұсынуға немесе реттеуге;
- деректерді нақты нормативтік құқықтық актілердегі анықтамаларға сәйкес немесе олардың тікелей басшысының тікелей рұқсатымен және басқа да кез келген жағдайда, «Saipem» компаниясымен кез келген сипаттағы байланысы бар және олардың келісімін алғаннан кейін үшінші тұлғалармен байланысты қатынастарға қатысты абсолютті немесе салыстырмалы шектеулерге сілтеме жасай отырып, мұндай деректерді ашу мүмкіндігін тексергеннен кейін ғана ашуға.

3.4.3. Басшылық пен қызметкерлердің қауымдастықтарға, бастамаларға, іс-шараларға немесе сыртқы кездесулерге қатысуы

Үшінші тұлғалар ұйымдастырған қауымдастықтарға, бастамаларға, іс-шараларға немесе сыртқы кездесулерге қатысуды (ол шаралар кәсіби және жұмыс қызметімен сыйысатын жағдайда) «Saipem» қолдайды. Мұндай шараларға мыналар жатады:

- қауымдастықтарға, конференцияларға, конгрестерге, семинарларға, курстарға қатысу;
- мақала, эссе және жарияланымдар жазу;
- қоғамдық оқиғаларға қатысу.

Осы мақсатта «Saipem» компаниясының қызметтері, мақсаттары, өнімділігі және көзқарастары туралы ақпараттарды немесе мәліметтерді түсіндіретін немесе сырт көздерге жеткізетін «Saipem» басшылығы мен қызметкерлері кәсіпорында нарықтағы қызметті теріс пайдалануға қатысты қабылданған рәсімдерді сақтаудан басқа — жоспарланған іс-шаралар және сөйлейтін сөздердің мәтіндері және жарияланатын ақпараттық сипаттағы есептердің мазмұны бойынша компанияның жетекші органының басшысынан рұқсат алуға, сондай-ақ «Saipem» құзыретті құрылымдық бөлімшесімен келісуге тиіс.

4. Корпоративтік этика кодексінің қолданыс аясы және анықтамалық құрылымдары

Кодексте жазылған қағидаттар мен ережелер «Saipem» Персоналына және қызметіне

қолданылады.

«Saipem» қатысатын компанияның органдарына, консорциумдарға және бірлескен кәсіпорындардың органдарына сайланған өкілдер тиісті құзыреттері шегінде Кодекстің қағидаттары мен ережелерін таратуды алға жылжытады.

Директорлар мен менеджерлер Кодекстің принциптері мен мазмұнын бірінші болып енгізуі керек, олар үшін жауапкершілікті компания ішінде де, одан тыс жерлерде де қабылдап, сенімділікті, ұйымшылдықты және командалық рухты нығайтуы тиіс. Сонымен бірге олар өздерінің жүріс-тұрысымен өздеріне бағынатын қызметкерлерге үлгі көрсетіп, оларды Кодексті сақтауға және сұрақтар қоюға және жеке ережелер бойынша ұсыныстар жасауға ынталандыруы тиіс.

Кодексті толық сақтау мақсатында әрбір тұлға Кепілге жүгіне алады, соның ішінде тікелей өтініш бере алады.

4.1. Кодекспен таныстыру және бұзушылықтар туралы хабарлау талабы

Кодекс барлық қызметкерлер үшін – компанияның интранетінде және құжаттарды басқару жүйесінде, сондай-ақ Saipem қызметкерлері ғана емес, барлық пайдаланушылар үшін компанияның веб-сайтында қолжетімді.

«Saipem» Персоналы Кодекстің қағидаттары және ережелерімен, сондай-ақ функциялар мен лауазымдық міндеттерді реттейтін тиісті рәсімдермен танысуға міндетті.

Saipem барлық қызметкерлері:

- осындай принциптерге, мазмұндарға және нормативтік құжаттарға қайшы келетін әрекеттерден аулақ болуға;
- өз құзыреті шегінде серіктестерді мұқият түрде таңдау және олардың Кодекске толық сәйкес келуін қамтамасыз етуге;
- «Saipem» компаниясымен іскерлік қарым-қатынастағы кез келген үшінші тұлғалардан олардың Кодекстен хабардар екенін растауды талап етуге;
- өз басшыларына немесе өзі құрамына кіретін органға, сондай-ақ Кепілге Кодекстің нормаларын бұзудың орын алған жағдайлары туралы дереу хабарлауға; мүмкін болатын бұзушылықтар туралы хабарлама Директорлар кеңесі, ішкі бақылау комитеті және Saipem S.p.A. Қадағалау органы белгілеген нысан бойынша жөнелтіледі;
- ықтимал бұзушылықтарды анықтау үшін Кепілгермен және тиісті нормативтік құжаттарда белгіленген тиісті бөлімшелермен бірлесіп әрекеттесуге;
- қажет болған жағдайда жедел түзету шараларын қабылдау және кез келген жағдайда кек алудың кез келген түрінің алдын алуға тырысуға міндетті.

«Saipem» Персоналына тікелей басшысы немесе ол құрамына кіретін орган немесе Кепілден басқа бөтен тұлғалармен жеке тексеру жүргізуге немесе мәліметтер алмасуға ымыраласуға тыйым салынады. Егер Персоналдардың бірі мүмкін болатын бұзушылықтар туралы мәлімет

бергеннен кейін, хабарлама берумен байланысты оған қатысты қандай да бір жауап шаралары қабылданған болса, ол тікелей Кепілдің өзіне жүгіне алады.

4.2. Негізгі құрылымы және қадағалау

Saipem Кепілгерді тағайындау арқылы мыналарды қамтамасыз етуге міндеттенеді:

- «Saipem» Персоналы мен басқа Мүдделі тараптар арасында Кодекстің қағидалары мен мазмұнын барынша кеңінен тарату, Кодексті түсіндіру мен қолдануды түсіну және нақтылау, сондай-ақ өзгеріп келе жатқан азаматтық сұрақтарды және тиісті заңдарды ұстану үшін Кодексті жаңарту үшін барлық мүмкін құралдарды қамтамасыз етуге;
- Кодекстің немесе анықтамалық нормативтік құжаттардың принциптері мен мазмұнын бұзу туралы кез келген хабарламаны бағалау; фактілерді объективті бағалау және қажет болған жағдайда тиісті тәртіптік шаралар қолдану; Кодекстің немесе тиісті нормативтік құжаттардың ықтимал бұзылуы туралы ақпарат бергені үшін ешкімнің қандай да бір қудалануына ұшырамауын қамтамасыз ету.

4.2.1. Корпоративтік этика Кодексінің кепілі

Корпоративтік этика Кодексі басқалармен қатар «Saipem S.p.A.» Италияда қолданылатын 2001 жылғы 8 маусымда қабылданған № 231 Заңы-декретінде көзделген «заңды тұлғалардың қылмыстық сипаттағы заңсыз әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершілігі туралы» ережелеріне сәйкес қабылданған ұйымың Үлгі нормасы болып табылады.

«Saipem S.p.A.» Кепіл функциясын жоғарыда аталған Үлгіге сәйкес құрылған Қадағалау органына тағайындайды. Италияда немесе шет елде тікелей болмаса жанама бақыланатын әрбір кәсіпорын қоғамның құзыретті органы қабылдаған ресми актісі негізінде Кепіл функциясын өзінің Қадағалау органына табыстайды.

Кепілдің міндетіне мыналар жатады:

- Кодекстің қолданылуын және анықтамалық нормативтік құжаттарды шығаруды алға жылжыту; Кодексті кеңінен тарату және оны ұғу үшін, сондай-ақ анықталған бұзушылықтардың қайталануының алдын алу мақсатында компанияның Бас директорына пайдалы бастамалар туралы есеп беру және ұсыну;
- «Saipem» басшылығы және қызметкерлеріне арналған коммуникациялық және тренинг бағдарламаларын алға жылжыту;
- тиісті тексерулерді бастау арқылы Кодекстің ықтимал бұзылуы туралы хабарламаларды тексеру; сондай-ақ Saipem қызметкерлерінің өтініші бойынша, егер Кодекстің бұзылуы тиісті түрде қаралмағаны немесе бұзушылық туралы хабарлаған адамға қатысты кек алу орын алғаны туралы хабарланса, шаралар қолдану;
- құзыретті құрылымдарды тексеру нәтижелері және айыппұл салу мүмкіндігі туралы хабардар ету; компанияның құзыретті аумақтық органдарын тексеру нәтижелері және одан әрі шаралар қабылдау туралы хабардар ету.

Бұдан басқа «Saipem S.p.A.» Кепілі ішкі бақылау комитетіне, «Saipem S.p.A.» Тексеру комиссиясына, сондай-ақ «Saipem S.p.A.» Президенті пен Басқарма Төрағасына Кодексті

қолдану және оны жаңарту мүмкіндігі туралы жартыжылдық есеп береді, кейіннен бұл есеп «Saipem S.p.A.» Басқармасына жіберіледі.

Өз міндеттерін орындау үшін Saipem S.p.A кепілгері өзіне иерархиялық тәртіппен тәуелді болатын «231 Saipem S.p.A сәйкестік комитетінің техникалық хатшылығының» қызметтерін пайдаланады. Сонымен қатар, Техникалық хатшылық еншілес ұйымдардың Кепілдеріне дұрыс түрде есеп беруге және байланыс қамтамасыз етуге жауапты.

Хабарламалар ағынын жеңілдету үшін Saipem компаниясы Saipem Интранеті мен Интернет-сайттарында жарияланған және барлық Saipem қызметкерлері мен сайттың барлық пайдаланушылары үшін қолжетімді болатын «Saipem S.p.A және оның Италиядағы және шетелдегі еншілес компаниялары алған хабарламалар, сондай-ақ жасырын хабарлар» процедурасында көрсетілген арнайы байланыс арналарын орнатты.

Saipem S.p.A сонымен қатар хабарламалар ағынын ынталандыру үшін сәйкестік комитетінің «арнайы арналарын» құрды:

organismodivigilanza@saipem.com.

4.2.2. Кодексті алға жылжыту

Кодексті алға жылжыту және оны іске асыруды жеңілдету мақсатында «Saipem SpA» компаниясының бас директоры мен басшылығы Этика кодексінде белгіленген қағидаларды алға жылжытуға және олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Осыған байланысты, олар Saipem компаниясының аясында барлық ықтимал танымдық құралдарды қамтамасыз етуді және мұнда көрсетілген қағидаларды құрметтеуге бағытталған мәдениетті таратуды алға жылжытады.

4.3. Кодексті қайта қарау

Кодексті қайта қарастыруды Saipem S.p.A Директорлар кеңесі бекітеді.

Ұсыныстар Мүдделі тұлғалардың бағаларын ескере отырып, Кодекстің қағидаттары мен ережелеріне сілтеме жасала отырып, қалыптастырылады. Бұл белсенді ынтымақтастықты дамытуға және кез келген жетіспеушіліктер туралы хабарлауға ықпал етеді.

4.4. Кодекстің шарттық мәні

Кодекстің ережелерін сақтау қолданыстағы заңнамаға сәйкес «Saipem» барлық Персоналының шарттық міндеттемелерін орындауларының ажырамас бөлігі болып есептелуі тиіс.

Кодекстің принциптері мен мазмұнын бұзу, еңбек қатынастарының сақталуын қоса алғанда, барлық құқықтық салдармен, еңбек қатынастарының негізгі міндеттемелерін бұзу немесе тәртіптік теріс қылық болуы мүмкін және одан туындайтын залалды өтеуге әкеп соғуы мүмкін.